**Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру туралы куәліктің үлгісін бекіту және оның сипаттамасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 наурыздағы N 430

"Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3057 U963057_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 326-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру туралы куәліктің үлгісі және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру туралы куәліктің бланкілерін 1997 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде дайындауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК